

2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы N 70 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Балқаш ауданының әділет басқармасында 2009 жылдың 18 маусымда N 2-6-59 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 07 сәуірдегі N 41 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2010.04.07 N 41 Қаулысымен

Р К А О е ск е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3-тармағына, 20-бабының 1-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 779 Жарлығы және Қазақстан Республикасы Укіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі N 779 Жарлығын іске асыру туралы" N 543 қаулысы негізінде Балқаш аудандық әкімдігі

ҚАУЛЫ

ЕТЕДІ:

1. Бақанас ауылы Қонаев көшесі, 35 үй мекен-жайындағы шақыру учаскесіне Балқаш аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа толмаған ер азаматтарды, сондай-ақ оку орындарынан шығарылған жиырма жеті жасқа толмаған ер азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізу 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында ұйымдастырылсын және қамтамасыз етсін.

2. Селолық округ әкімдері 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру кезеңінде әскер қатарына

шақырылғандарды олардың шақыру участкесіне шақырылғаны туралы хабардар етіп, олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етілсін.

3. Аудандық шақыру комиссиясының құрамы 1 қосымшаға, азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. "Балқаш аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Халықов Кәдір) әскерге шақыруға байланысты жұмыстарды қаржылай қамтамасыз етуді жүргізсін.

5. "Балқаш ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Көшербаев Марат Женісұлы) осы қаулының орындалу барысы туралы көктемгі шақыру бойынша 2009 жылғы 20 шілдеге дейін және күзгі шақыру бойынша 2010 жылдың 20 қаңтарына дейін аудан әкімі аппаратын хабардар етсін.

6. Балқаш аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 02 наурызыдағы N 24 қаулысымен "Аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 08 мамырдағы "Қазақстан Республикасының 1981-1990 жылдары туылған азаматтарын 2008 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 64 қаулысының (Балқаш аудандық әділет басқармасында 2008 жылдың 12 маусымдағы N 2-6-46 нөмірімен тіркелген және "Балқаш өнірі" газетінде 2008 жылғы 21 маусымдағы N 25-26 нөмірімен жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Рахымбаев Бақытбек Раҳымбайұлына жүктелінсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Балқаш ауданы әкімі	E. Қошанбеков
Балқаш	аудандық
2009 жылғы	18 мамырдағы
жылдың	сәуір-маусымында
қазан-желтоқсанында	және
мерзімді	кезекті
жүргізуді	шақыруын
ету туралы"	қамтамасыз
1 қосымша	қаулысына

Балқаш ауданы шақыру комиссиясының құрамы

Көшербаев Марат Женісұлы комиссия төрағасы, Балқаш ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы;

Рахымбаев Бақытбек Рахымбайұлы комиссия төрағасының орынбасары,
Балқаш аудан әкімінің орынбасары.

Комиссия мүшелері:

Рыскелдиев Кайрат Жұмагалиұлы Балқаш аудандық ішкі істер бөлімі
бастығының орынбасары;

Көжекбаев Ілімбай Көжекбайұлы Балқаш аудандық орталық аурухана мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бастығының орынбасары;

Кабильдинова Рабига комиссия хатшысы, Балқаш аудандық мейірбике орталық аурухана мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Балқаш аудандық әкімдігінің
2009 жылғы 18 мамырдағы "2009
жылдың сөүір-маусымында және
қазан-желтоқсанында кезекті
мерзімді әскери қызметке шақыруын
жүргізу ді үйымдастырып, қамтамасыз
ету туралы" N 70 қаулысына
2 қосымша

Азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

8	Балатопар с/ә															
9	Жиделі с/ә															
10	Желторанғы с/ә															
11	Қарой с/ә															
12	Көктал с/ә															
13	К-Топар с/ә															
14	Құйған с/ә															
15	Миялты с/ә															
БАРЛЫҒЫ:		50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК